

Кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің 2026 жылғы 13 шілдедегі № 179 бұйрығы.
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 13 шілдеде № 39290
болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Азаматтық авиация комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында ресми жарияланғаннан кейін орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасының

Көлік министрі

Н. Сауранбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі

Қазақстан Республикасының

Көлік министрі

2026 жылғы 13 шілдедегі

№ 179 бұйрығына

қосымша

Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Халықаралық тұрақты емес ұшуды орындауға рұқсаттар беру және оны беруден бас тарту негіздерінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 13 тамыздағы № 359 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6463 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 12) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Халықаралық тұрақты емес ұшуды орындауға рұқсаттар беру және оны беруден бас тарту негіздерінің қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Халықаралық тұрақты емес ұшуды орындауға рұқсаттар беру және оны беруден бас тарту негіздерінің қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабының 1-тармағының 12) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және халықаралық тұрақты емес ұшуларды орындауға арналған рұқсаттарды беру және "Халықаралық тұрақты емес ұшуларды орындауға арналған рұқсаттарды беру" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібін айқындайды.";

7-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Заңды және жеке тұлғалар, заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік қызметті алу үшін қызмет берушіге аэронавигациялық ұйымына аэронавигациялық ақпарат жинағында жарияланған байланыс арналары бойынша ұсынады:";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.";

2-қосымша "Халықаралық тұрақты емес ұшуларды орындауға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету үшін негізгі талаптардың тізбесі осы Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесіне (бұдан әрі – Бұйрықтар тізбесі) 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Авиация персоналы куәліктерін беру және олардың қолданылу мерзімін ұзарту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 26 қыркүйектегі № 750 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8782 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Авиация персоналы куәліктерін беру және олардың қолданылу мерзімін ұзарту қағидаларында:

2-тармақтың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы тапсырған кезде Мемлекеттік корпорация қызметкері ұсынылған құжаттардың толықтығын және мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көзделген құжаттар тізбесіне сәйкестігін тексереді.

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға өтініш берушінің жазбаша келісімін алады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алынады.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттарды қабылдау күні және уәкілетті ұйымға жеткізу мерзімі мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы қабылдаған кезде өтініш берушіге тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхатқа сілтеме жасай отырып, "цифрлық үкіметтің" веб-порталының есептік жазбасына қосылған абоненттік нөміріне SMS-хабарлама келіп түседі. Қажет болған жағдайда осы Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижелерін беру өтініш берушінің цифрлық құжаттар сервисінен (сәйкестендіру үшін) жеке басын куәландыратын құжатты не цифрлық құжатты көрсеткен кезде не оның өкілінің нотариалды куәландырылған сенімхаты бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация нәтижені 1 (бір) ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, одан кейін оларды одан әрі сақтау үшін уәкілетті ұйымға беріледі.

Өтініш беруші 1 (бір) ай өткеннен кейін жүгінген кезде, Уәкілетті ұйым мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша құжаттарды пошта қызметі арқылы өтініш берушіге беру үшін мемлекеттік корпорацияға жібереді.

Уәкілетті ұйым мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға жеткізуді қамтамасыз етеді, мемлекеттік корпорацияға жеткізу мерзімі мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.";

15-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын цифрлық жүйе істен шыққан кезде уәкілетті ұйым техникалық іркілістер анықталған сәттен бастап мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы, әкімшілік құжаттың нөмірі мен коды немесе өтініштің бірегей сәйкестендіру нөмірі бойынша ақпарат бере отырып, әкімшілік

құжаттың нөмірі мен коды немесе рұқсат беру құжатының бірегей сәйкестендіру нөмірі , көрсетілетін қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі, авторизацияланған сәттен бастап қате пайда болған сәтке дейін кадамдық скриншоттар қоса беріле отырып және қатенің нақты уақыты көрсетіле отырып бірыңғай қолдау қызметіне сұрау салу жіберу арқылы "цифрлық үкіметтің" операторын хабардар етеді.";

4-қосымшада "Авиация персоналына куәліктер беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі:

реттік нөмірі 4-жолдың үшінші бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің барлық кіші түрлері бойынша: электронды (ішінара цифрландырылған)/қағаз түрінде".

3. "Азаматтық авиацияның авиациялық оқу орталығын сертификаттау және сертификат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 6 ақпандағы № 115 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10486 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Азаматтық авиацияның авиациялық оқу орталығын сертификаттау және сертификат беру қағидаларында:

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Уәкілетті ұйым "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету сатысы туралы деректерді оларды көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне цифрландыру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушіге, "цифрлық үкіметтің" операторына және Бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын, осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жолдайды.";

1-4-қосымшада "Шетелдік авиациялық оқу орталығының сертификатын тану" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі:

реттік нөмірі 4- жолдың үшінші бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды (ішінара цифрландырылған)";

2-қосымшада "Азаматтық авиацияның авиациялық оқу орталығының сертификатын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі:

реттік нөмірі 4- жолдың үшінші бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды (ішінара цифрландырылған)".

4. "Әуежайдың (әуеайлақтың) авиациялық қауіпсіздік қызметін сертификаттау және сертификат беру, сондай-ақ әуежайдың (әуеайлақтың) авиациялық қауіпсіздік қызметіне қойылатын сертификаттау талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 160 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11379 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әуежайдың (әуеайлақтың) авиациялық қауіпсіздік қызметін сертификаттау және сертификат беру қағидаларында:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету сатысы туралы деректерді оларды көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне цифрландыру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді.";

2-қосымшада "Әуежайдың (әуеайлақтың) авиациялық қауіпсіздік қызметінің сертификатын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі:

реттік нөмірі 4- жолдың үшінші бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды (ішінара цифрландырылған):

сертификат беру;

сертификатты қайта ресімдеу.";

реттік нөмірі 7- жолдың үшінші бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс (сенбі және жексенбі) күндері және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұмаға дейін қоса алғанда, сағат 8.30-дан 17.30-ға дейін, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін түскі асқа үзіліспен;

2) портал - тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталған соң, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесін беру электрондық (толық цифрландырылған нысанда) көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді қоспағанда, келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.".

5. "Әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының) жарамдылығын сертификаттау және оларға сертификат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 187 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12052 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының) жарамдылығын сертификаттау және оларға сертификат беру қағидаларында:

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Уәкілетті ұйым "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес цифрландыру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапты қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне оларды көрсету сатысы туралы енгізуді қамтамасыз етеді."

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіге және Бірыңғай байланыс орталығына, мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.";

38-тармақтың 1) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) әуеайлақ (тікұшақ айлағы) туралы ақпарат беру, әуеайлақ (тікұшақ айлағы) туралы деректер мен ақпаратты тарату үшін қолданылатын рәсімдер мен цифрлық жүйелердің, олардың аэронавигациялық ақпарат жинағында (бұдан әрі – AIP) енгізілетін өзгерістерінің, сондай-ақ NOTAM шығаруға арналған ААҚ-ға сұрау салулар беру рәсімдерінің сипаттамасы келтіріледі, оның ішінде:";

5-қосымша "Әуе айлағының (тікұшақ айлығының) жарамдылығы сертификатын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Бұйрықтар тізбесіне 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

6. "Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау және оған сертификат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 197 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11722 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттау және оған сертификат беру қағидаларында:

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Уәкілетті ұйым "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету сатысы туралы деректерді оларды көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне

цифрландыру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде "цифрлық үкіметтің" операторына, мемлекеттік қызмет берушіге және Бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.";

3-1-қосымшада "Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу ұйымына сертификат беру" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі:

реттік нөмірі 4- жолдың үшінші бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды (ішінара цифрландырылған).".

7. "Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесін сертификаттау және ұшуға жарамдылық сертификатын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 198 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12073 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесін сертификаттау және ұшуға жарамдылық сертификатын беру қағидаларында:

15-тармақтың үшінші және төртінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті ұйым "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес цифрландыру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен оларды көрсету сатысы туралы мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапты қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне деректерді енгізуді қамтамасыз етеді (бұдан әрі – деректерді АЖ-ға енгізу қағидалары).

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде "цифрлық үкіметтің" операторына, мемлекеттік қызмет берушіге және Бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.";

21-7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21-7. Уәкілетті ұйым мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне "Әуе кемесіне шуыл бойынша сертификат беру" мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді деректерді АЖ-ға енгізу Қағидаларына сәйкес қамтамасыз етеді.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде "цифрлық үкіметтің" операторына, мемлекеттік қызмет берушіге және Бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызмет көрсету

тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.";

26-3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26-3. Уәкілетті ұйым мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне "Азаматтық әуе кемелерінің шет мемлекет берген ұшуға жарамдылығы сертификатын тану туралы шешім беру" мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді деректерді АЖ-ға енгізу Қағидаларына сәйкес қамтамасыз етеді.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде "цифрлық үкіметтің" операторына, мемлекеттік қызмет берушіге және Бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.";

30-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30-1. Уәкілетті ұйым мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне "Арнайы ұшуды орындауға рұқсат беру" мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді деректерді АЖ-ға енгізу Қағидаларына сәйкес қамтамасыз етеді.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде "цифрлық үкіметтің" операторына, мемлекеттік қызмет берушіге және Бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.";

32-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32-1. Уәкілетті ұйым мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне "Радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді деректерді АЖ-ға енгізу Қағидасына сәйкес қамтамасыз етеді.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде "цифрлық үкіметтің" операторына, мемлекеттік қызмет берушіге және Бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.";

34-4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34-4. Уәкілетті ұйым құжаттарды келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы алады.";

36-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"36-1. Уәкілетті ұйым мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне "Ұшу жарамдылығының экспорттық сертификатын беру" мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді деректерді АЖ-ға енгізу Қағидаларына сәйкес қамтамасыз етеді.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде "цифрлық үкіметтің" операторына, мемлекеттік қызмет берушіге және Бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.";

1-қосымша осы Бұйрықтар тізбесіне 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

1-1-қосымшада реттік нөмірі 4-жолдың үшінші бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық (ішінара цифрландырылған)";

3-1-қосымша осы Бұйрықтар тізбесіне 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-2-қосымшада реттік нөмірі 4-жолдың үшінші бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық (ішінара цифрландырылған)/ "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілген";

5-қосымша осы Бұйрықтар тізбесіне 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

5-1-қосымшада реттік нөмірі 4-жолдың үшінші бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық (ішінара цифрландырылған)";

7-қосымша осы Бұйрықтар тізбесіне 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

7-1-қосымшада реттік нөмірі 4-жолдың үшінші бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық (ішінара цифрландырылған)";

8-1-қосымша осы Бұйрықтар тізбесіне 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

9-1-қосымшада реттік нөмірі 4-жолдың үшінші бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық (ішінара цифрландырылған)";

11-қосымша осы Бұйрықтар тізбесіне 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

11-1-қосымшада реттік нөмірі 4-жолдың үшінші бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық (ішінара цифрландырылған)".

8. "Авиакомпанияларға тұрақты ішкі коммерциялық әуе тасымалдарын орындауға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 352 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11460 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Авиакомпанияларға тұрақты ішкі коммерциялық әуе тасымалдарын орындауға рұқсат беру қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Авиакомпанияларға тұрақты ішкі коммерциялық әуе тасымалдарын орындауға рұқсат беруге қойылатын біліктілік талаптары";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Авиакомпанияларға тұрақты ішкі коммерциялық әуе тасымалдарын орындауға рұқсат беруге қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Авиакомпанияларға тұрақты ішкі коммерциялық әуе тасымалдарын орындауға рұқсат беру тәртібі";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Уәкілетті органда құжаттарды алған сәттен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігіне бағалауды уәкілетті органның бұйрығымен бекітілген тұрақты жұмыс істейтін комиссия (бұдан әрі – комиссия) жүргізеді."

9. "Уәкілетті мемлекеттік органға және (немесе) құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарға ресімделген және (немесе) броньға қойылған билеттер туралы мәліметтерді беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 29 сәуірдегі № 527 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12993 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ресімделген және (немесе) броньдалған билеттер туралы мәліметтерді уәкілетті мемлекеттік органға және (немесе) құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдарға беру қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) авиажолаушылар мен экипаж мүшелері туралы деректерді жинауға және өңдеуге арналған цифрлық жүйе (бұдан әрі – цифрлық жүйе) – Қазақстан Республикасының аумағына келетін, оның аумағынан кетіп бара жатқан немесе транзитпен келе жатқан авиажолаушылар мен экипаж мүшелері туралы деректерді қамтитын Қазақстан Республикасының бірыңғай цифрлық жүйесі;

2) авиажолаушылар мен экипаж мүшелері туралы деректер – ресімделген және/немесе броньға қойылған авиа билеттері туралы мәліметтер, жолаушылар және экипаж мүшелері туралы алдын ала ақпаратта (API) және (немесе) жолаушыларды тіркеу жазбаларында (PNR), сондай-ақ тұрақты емес авиатасымалы үшін авиабилеттері

болмаған жағдайда жолаушылар мен экипаж мүшелері туралы алдын ала ақпарат (API) қамтылған;

3) авиакомпания – азаматтық әуе кемелерін пайдаланушы сертификаты бар заңды тұлға;

4) жолаушы – экипаж құрамына кірмейтін және авиатасымалы шартына сәйкес немесе өзге де заңды негіздерде әуе кемесімен тасымалданатын жеке тұлға;

5) тасымалдаушы – көлік құралын меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде иеленетін, жолаушыларды, багажды, жүктерді және почта жөнелтілімдерін ақыға немесе жалдау бойынша тасымалдау бойынша қызметтер көрсететін және оған белгіленген тәртіппен берілген тиісті рұқсаты бар жеке немесе заңды тұлға;

6) уәкілетті мемлекеттік орган – көлік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, Қазақстан Республикасының көлік кешенінің қызметін, сондай-ақ әуе кеңістігін пайдалануды үйлестіруді және реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

7) цифрлық жүйені жеткізуші – мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңнамаға сәйкес уәкілетті мемлекеттік орган тағайындаған жүйені қолдау мен қызмет көрсетуге жауапты жеткізуші.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарға беруге арналған ресімделген және (немесе) броньға қойылған билеттер туралы барлық мәліметтер құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың цифрлық алмасу жүйесі арқылы және/немесе құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерімен тікелей ықпалдасу жолымен беріледі.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жолаушыларға қызмет көрсетуді жақсарту, Қазақстан Республикасындағы әуежайларда қауіпсіздік деңгейін арттыру, терроризм актілерін және соған байланысты қылмыстарды болғызбау мақсатында, сондай-ақ ұйымдасқан қылмысты қоса алғанда, трансұлттық сипаттағы басқа да ауыр қылмыстар туралы Дүниежүзілік кеден ұйымының (ДКҰ) жолаушылары туралы, Халықаралық әуе көлігі қауымдастығы (IATA) және Халықаралық Азаматтық авиация ұйымы (ИКАО), сондай-ақ Doc 9944 Халықаралық Азаматтық авиация ұйымының жолаушыларды тіркеу жазбаларына (PNR) қатысты ұсынымдар алдын ала ақпаратты беру жөніндегі нұсқаулықта (API) баяндалған стандарттар мен ұсынымдарға сәйкес авиа жолаушылары мен экипаж мүшелері туралы деректерді жинау және өңдеу үшін цифрлық жүйе енгізіледі.";

9-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Цифрлық жүйені құру және пайдалану мынадай принциптерге негізделген:";

2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылардың қолданыстағы және жаңадан құрылған цифрлық жүйелері арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың технологиялық мүмкіндігін қамтамасыз ету;

3) цифрлық жүйенің технологиялық тәуелсіздігін және оның ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар қызметінің әкімшілік, ұйымдастырушылық және өзге де өзгерістерінен жұмыс істеуін қамтамасыз ету;"

10, 11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Цифрлық жүйеге және ол өңдейтін деректерге қолжетімділік уәкілетті мемлекеттік органға және (немесе) құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарға беріледі.

Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексінің 83-бабының 3-тармағына сәйкес, киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органмен және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша уәкілетті орган бекітетін "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілерін интеграциялау қағидаларына сәйкес "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілерін интеграциялау "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы жүзеге асырылады. жүйемен жұмыс кезінде мемлекеттік органдар Дербес деректер және оларды қорғау туралы Заңның талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді. Авиажолаушылар мен экипаж мүшелері туралы деректерді сақтау мерзімі олар жиналған сәттен бастап бес жылды құрайды.

11. Цифрлық жүйені жеткізуші:

1) цифрлық жүйені жеткізуді жүзеге асырады;

2) цифрлық жүйенің пайдалану әзірлігін қамтамасыз ету мақсатында оған сервистік қызмет көрсетуді жүргізеді;

3) цифрлық жүйеге авиажолаушылар мен экипаж мүшелері туралы деректерді ұсынуды қамтамасыз ету мақсатында авиакомпаниялармен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды;

4) цифрлық жүйеге қол жеткізуге құқығы бар мемлекеттік органдардың персоналын және жүйені пайдалануға байланысты авиакомпаниялардың персоналын оқытады.

12. Авиакомпаниялар, оның ішінде шетелдік компаниялар цифрлық жүйеге авиажолаушылар мен экипаж мүшелері туралы деректерді ұсынады";

13-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Белгілі бір рейске тіркелу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде авиакомпания цифрлық жүйеге әрбір адамға қатысты жолаушылар мен экипаж мүшелері (API) туралы алдын ала ақпаратта қамтылған ресімделген және/немесе броньға қойылған авиабилеттер туралы мынадай мәліметтерді жібереді:"

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген деректер цифрлық жүйеге Дүниежүзілік кеден ұйымының (ДКҰ) Жолаушылар туралы алдын ала ақпаратты беру (API) жөніндегі нұсқаулығында баяндалған стандарттар мен Халықаралық әуе көлігі

қауымдастығының (ИАТА) және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) ұсынымдарына сәйкес БҰҰ ЭДИФАКТ стандартының PAXLST хабарламасының форматында беріледі.";

15-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Жоспарланған жөнелту уақытынан 48 сағат бұрын және әрбір авиакомпания рейске тіркеуді аяқтаған кезде цифрлық жүйеге әрбір жолаушыға қатысты жолаушыларды тіркеу жазбаларында (PNR) қамтылған ресімделген және/немесе броньға қойылған әуе билеттері туралы мынадай мәліметтер жіберіледі:";

16, 17, 18 және 19-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Осы Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген деректер Doc 9944 Халықаралық Азаматтық авиация ұйымының жолаушыларды тіркеу жазбаларына (PNR) қатысты ұсынымдарда баяндалған стандарттарға сәйкес PNRGOV хабарламасы форматында цифрлық жүйеге беріледі.

17. Авиакомпаниялардың жеке цифрлық жүйелері болған кезде авиакомпаниялар автоматты режимде тікелей машинааралық қосылу жолымен ресімделген және (немесе) броньға қойылған билеттер туралы мәліметтерді ұсынады. Авиакомпанияда өзінің цифрлық жүйелері болмаған жағдайда, авиакомпания ресімделген және (немесе) броньға қойылған билеттер туралы мәліметтерді қолмен режимде жүктейді.

18. Авиакомпаниялар мыналарды қоспағанда, цифрлық жүйеге қол жеткізе алмайды :

ресімделген және (немесе) броньға қойылған билеттер туралы мәліметтерді цифрлық жүйеге беру жөніндегі функциялар;

19. Авиакомпанияның цифрлық жүйесіне ресімделген және (немесе) броньға қойылған билеттер туралы ақпараттың берілуін қамтамасыз ету үшін:

1) цифрлық жүйені жеткізушімен өзара іс-қимыл жасау және оның элементтерін орнатуға байланысты шешімдер қабылдау үшін жауапты адамды айқындайды;

2) уәкілетті мемлекеттік органнан және (немесе) цифрлық жүйені жеткізушіден авиакомпаниялардың цифрлық жүйемен қосылу тәртібін айқындайтын техникалық шарттарды қабылдайды, сондай-ақ олардың сақталуын қамтамасыз етеді;

3) цифрлық жүйені жеткізушіге олардың жүйелерімен қосылуға жәрдемдесу және авиажолаушылар мен экипаж мүшелері туралы сұратылатын деректердің форматын сақтау үшін қажетті ақпарат пен қолдау көрсетеді;

4) цифрлық жүйені жеткізушінің цифрлық жүйенің жұмыс істеуі үшін қажетті жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану және пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарын сақтайды;

5) Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 2 қазандағы №750 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19433 болып тіркелген) Әуежайларда жерүсті қызмет көрсетуді жүзеге асыру қағидаларында белгіленген тәртіппен әуежайды

пайдаланушылармен келісімдер жасасады және цифрлық жүйенің жұмыс істеуіне байланысты көрсетілетін қызметтерге ақы төлейді;

6) авиакомпаниялардың атынан сыртқы қызмет көрсететін ұйымдардың авиажолаушылар мен экипаж мүшелері туралы деректерді жинаған жағдайда, осындай ұйымдардың авиажолаушылар мен экипаж мүшелері туралы деректерді ұсыну жөніндегі тиісті авиакомпаниялардың міндеттемелерін және цифрлық жүйені жеткізушінің нұсқаулықтарына сәйкес цифрлық жүйені тиісінше пайдалану үшін қажетті өзге де міндеттемелерді сақтауын қамтамасыз етеді."

10. "Сертификаттау және үлгі сертификатын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 16 қазандағы № 994 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12812 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Сертификаттау және үлгі сертификатын беру қағидаларында:

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Уәкілетті ұйым "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету сатысы туралы деректерді оларды көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне цифрландыру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді.

Уәкілетті орган осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күн ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты "цифрлық үкіметтің" операторына, көрсетілетін қызметті берушіге және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.";

1-1-қосымшада реттік нөмірі 4-жолдың үшінші бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық (ішінара цифрландырылған)".

11. "Жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыларды ұшуға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қазандағы № 1023 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12804 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыларды ұшуға рұқсат беру қағидаларында:

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өтініш берушінің, "цифрлық үкіметтің" веб-порталына осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген өтінімге қоса берілетін құжаттар тізбесімен осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұшуға рұқсат алу өтінімін беруі;"

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Уәкілетті орган "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету сатысы туралы деректерді оларды көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне цифрландыру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне автоматты режимде түседі.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде бірыңғай байланыс орталығына, мемлекеттік қызмет берушіге мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.";

2-қосымшада "Ұшуларды орындау құқығына куәлік беру" (жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушы)" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі реттік нөмірі 4- жолдың үшінші бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды (ішінара цифрландырылған)".

12. "Пайдаланушыны авиациялық жұмыстарға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қазандағы № 1024 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12511 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Пайдаланушыны авиациялық жұмыстарға рұқсат беру қағидаларында:

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Уәкілетті ұйым "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету сатысы туралы деректерді оларды көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне цифрландыру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде "цифрлық үкіметтің" операторына, мемлекеттік қызмет берушіге және Бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызмет көрсету

тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.";

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, білімі, авиация персоналының куәлігі, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді, авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған куәлік, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу, ұшуға жарамдылық сертификаты, әуе кемесінің шуыл бойынша сертификаты, радиотаратқыш аппаратураны пайдалануға рұқсаттарын уәкілетті ұйым тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы алады.

Өтініш беруші, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, цифрлық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде пайдалануға келіседі.";

1-қосымшаның 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Өтініш беруші: сертификаттау рәсімдерін орындауға; сертификаттық талаптарға жауап беруге; Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалануға және авиация қызметі саласындағы заңнаманың және нормативтік құқықтық актілердің талаптарын қабылдау және орындауға міндеттенеді.

Ұсынылған ақпараттың толықтығы мен дұрыстығын растаймын.

Цифрлық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

(Т.А.Ә.) (электрондық цифрлық қолтаңба)

Аббревиатураның толық жазылуы:

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН – бизнес сәйкестендіру нөмірі".

13. "Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыны сертификаттау және оған сертификат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 10 қарашадағы № 1061 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12452 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

